

## ЕЛІМІЗДІҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ ЖАҢА ЖАЗУДЫ ҚАЛАЙДЫ

**Фарзана Ахметжанова,  
профессор кафедры казахской филологии  
ВКГУ им. С Аманжолова**

Елбасы Нурсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халықтары *Ассамблеясының XII* сессиясында сөйлеген сөзін мұқият тындай отырып, мен балалық шағымдағы бір оқиғаны қайта-қайта есіме түсірдім. Мен әкешеммен ауызекі сөйлескен кезде арамызда *өзара тольқ* түсіністік болатын. Ал мәселе жазуға (жазба тіліне) келгенде, біз бір-бірімізді ұқпай қалатынбыз.

Әкем араб жазуын шебер меңгерсе, анам өз ойын латын қарпінде жеткізетін. Ал мен бүкіл оқу үрдісі кириллицаға негізделген мектепте оқыдым. Мемлекет басшысының қазақстандықтарға жүктеген міндеттері арасындағы байланысты байқай отырып және басты ұлттық идеяны түсіне отырып мен сол кезде, балалық шағымда, отбасымыздың ұлттық қауіпсіздік стратегиясын шамалы ғана меңгергенін ұғындым.

Елімізде жазудың айтарлықтай өз тарихы бар. Сонау VI ғасырда Түрік қағанатының - Қара теңіз жағалауынан Маньжурияға дейін ұласып жатқан ұлы далалық империяның аумағында руна жазуы қолданыста болды. Кейінірек өз бастауын арамей жазу жүйесінен алатын пехлевий (иран) жазуының негізінде пайда болған кезде көне ұйғыр әлібиі қолданыла бастады. XX ғасырдың басында жазудыменің әкем араб қарпімен жазуды үйренеді. “Төте жазу” деп аталған жаңартылған араб әлібиі 1929 жылға дейін пайдаланылған. 1929 жылдың 7-тамызында КСРО Орталық атқару комитеті Президиумы және ҚСРОлық комиссарлары кеңесі латын графикасына негізделген жаңа әлібиді енгізу туралы қаулы қабылдайды. Келесі графикаға көшудің себептері жайлы ұзақ әрі қайта-қайта әңгімелеуге болады, бірақ белгілісі 1937-1940 жылдардың ішінде Орта Азия, Еділ жағалауы және Әзірбайжан халықтарын кирилл графикасына көшіру іске асырылды.

Мемлекеттік теуелсіздігімізді алғаннан кейін бұрынғы кеңестік республикаларда жазуды ауыстыру мәселесі тағы да көтерілді. Кершілес және туыстас **Туркияның үлгісін ала** отырып, бірінші ез әліпбиін Әзірбайжан реформалады. 1989 жылы Өзбекстанда латын графикасына ауысу аяқталды. Туркіменстанда да аталған жазу тәжірибеге енгізілді. Осындай шешім Татарстанда да қабылданды. Он жылдай астам уақыт түрлі басылымдар беттерінде кириллицаның қазақ нұсқасындағы кемшіліктері мен жазуымыздың латын графикасына оралуының тиімділігі талқылануда.

Жазуды реформалау заманымыздың ақиқатына *айналды* деп ойлаймын. Басқа туркі тілдес республикалардай бұрынғы *латын* графикасына ауысу қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып қалыптасуының бір факторы болатыны сөзсіз.

Аталмыш көшу әліпбиді ыңғайлы етуге мүмкіндік береді, оны қажетсіз таңбалардан арылтады және графикалық кодтардың тіл дыбыстарына барынша сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Жазу жүйесін ауыстыру үлкен интеллектуалдық күш-жігерді, ұйымдастырушылық іс-шаралар мен айтарлықтай материалдық шығындарды талап ететіні белгілі болса да, біз латын графикасының негізінде жасалған түрлі әліпбилерді планета тұрғындарының үштен бір бөлігі пайдаланатынын ұмытпауымыз қажет.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында *сөйлеген* сөзінен мемлекетіміздің дамуындағы басты бағыттар айқындалды, олардың барлығы ел тұрғындарының тілдік *біліктілігі* мен тығыз байланысты.

Мемлекет басшысы мамандарға латын қарпіне көшу туралы мәселелерді талқылауға оралуды ұсынды. Осыған байланысты өмірдің кез келген саласындағы кез келген реформаны, тарихымыз керсетіп отырғандай, халықтың белгілі бір бөлігі унемі жағымсыз, түсініспеушілікпен қабылдайды дегім келеді. Сондықтан латын графикасын ойластырып, кезең-кезеңмен енгізу қажет. Мұндай әдіс *бірінші* кезекте жеткілікті де мол қаржы-қаражат бөлуді, одан соң білікті мамандар даярлауды (тағы да кезең-кезеңмен), бұдан кейін ғана аймақтар бойынша тәжірибелік алаңдарды анықтауды және тағы да басқа іс-шараларды талап етеді.

Біраз уақыт кирилл және латын қарпі қатар қолданылады деп ойлаймын. Әліпбиді реформалау барысында ғаламдастыру үрдісі мен басқа да мәселелер шешілуі тиіс екендігі айдан анық деп түсінемін. Түркияның, Әзірбайжанның, Өзбекстанның, Түркменстанның және басқа да латын графикасына көшкен республикалардың тәжірибелерін ескеру, қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін таңбаларды анықтау, морфологиялық ұстанымға негізделген орафография ережелерін жасау қажет.

Осылайша, мемлекетіміздің басты ұлттық идеясы зиялы қауымды, тілші мамандарды, еліміздің ғалымдарын және әрбір азаматты *жазусап* асынандағы көп жылдық, еркениетті болашаққа ұмтылған реформаға түсіністікпен қарауға міндеттейді.